

**"Екінші деңгейдегі банктердің тоқсан сайынғы қаржылық (реттеуші) есебінің нысаны, оны жасау және беру мерзімі мен тәртібі туралы" ереже жөнінде**

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасы 1997 жылғы 29 тамыздағы N 312 қаулысы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1997 жылғы 12 қыркүйекте тіркелді. Тіркеу N 369. Күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2002 жылғы 23 желтоқсандағы N 507 қаулысымен.

Банктердің жыл сайынғы қаржылық есебін жасау бойынша халықаралық стандарттардың талаптарына сай және "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығының 54-бабына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Б а с қ а р м а с ы қ а у л ы е т е д і :

1. "Екінші деңгейдегі банктердің тоқсан сайын қаржылық (реттеуші) есебінің нысаны, оны жасау және беру мерзімі мен тәртібі туралы" ереже бекітілсін және ол 1997 жылдың 1 қазанынан бастап күшіне енгізілсін.

2. Осы Ереже күшіне енген күннен бастап Екінші деңгейдегі банктердің тоқсан сайынғы қаржылық есебі туралы нұсқаулығының және "Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінің тоқсан сайынғы қаржылық есебінің нысандары және Екінші деңгейдегі банктердің тоқсан сайынғы қаржылық есебі туралы нұсқаулығы жөніндегі" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 1996 жылғы 29 тамыздағы N 205 қаулысының күші ж о й ы л д ы д е п т а н ы л с ы н .

3. Банктік қадағалау департаменті (Н.Қ. Абдуллина):

а) Заң департаментімен (А.Қ. Өртембаев) бірлесе отырып "Екінші деңгейдегі банктердің тоқсан сайынғы қаржылық (реттеуші) есебінің нысаны, оны жасау және беру мерзімі мен тәртібі туралы" ережені Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде тіркесін;

б) осы Қаулыны және жоғарыда аталған Ережені Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің облыстық (Алматы аумақтық Бас) басқармаларына ( филиалдарына) және екінші деңгейдегі банктерге жіберсін.

4. Осы Қаулының орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары А.Ғ. Сәйденовке жүктелсін.

***Ұлттық Банк Төрағасы***

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ұ л т т ы қ

Б а н к і

Б а с қ а р м а с ы н ы ң

Бекітілген

**Екінші деңгейдегі банктердің тоқсан сайынғы қаржылық (реттеуші) есебінің нысаны, оны жасау және беру мерзімі мен тәртібі туралы**

**ЕРЕЖЕ**

Осы Ереже бухгалтерлік есеп жүргізу мен қаржылық есептің халықаралық стандарттарына сәйкес жасалады, екінші деңгейдегі банктердің (бұдан әрі - банктер) тоқсан сайынғы қаржылық (реттеуші) есебінің (бұдан әрі - есеп) нысанын белгілейді, есеп жасаудың негізгі талаптарын және оны Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне (бұдан әрі - Ұлттық Банк) ұсынудың тәртібін анықтайды.

**I. Есептің мазмұны және оны жасау бойынша талаптар**

1. Банктер тоқсан сайын Ұлттық Банкке осы Ережеде белгіленген нысан бойынша (N 1-35 қосымша) есеп беріп отыруға міндетті.

2. Есеп банктің қаржылық жағдайы мен оның қызметінің нәтижелері туралы нақты мәліметтерден тұратын 35 кестеден тұрады:

2.1. - 2.5. тармақшаларда келтірілгендер есептің негізін құрайтын мәліметтер болып табылады.

2.1. "Баланстық есеп және қосалқы кестелер" деп аталатын бөлімге осы Ережеге қоса берілген мынадай 15 нысан (кесте) кіреді:

ФС	Жиынтық баланстық есеп;
ФС/ВС	Баланстан тыс статьялар;
ФС/СН	Депозиттер қабылдауды жүзеге асыратын банктер мен ұйымдардағы депозиттер. "Ностро" шоттары
ФС/ЦБ	Бағалы қағаздар портфелі;
ФС/КП	Кредит портфелінің толық мәліметтері;
ФС/ДА	Негізгі қаражаттар, өзге активтер мен міндеттемелер;
ФС/ДО(Т)	Депозиттік міндеттемелер (теңгемен);
ФС/ДО(Д)	Депозиттік міндеттемелер (АҚШ долларымен);
ФС/ДО(М)	Депозиттік міндеттемелер (неміс маркасымен);
ФС/ДО(Р)	Депозиттік міндеттемелер (Ресей рублімен);
ФС/ВП	Таза валюталық позиция;
ФС/АВ	Шет ел валютасымен активтер;

ФС/ОВ Шет ел валютасымен міндеттемелер;  
ФС/АК Капиталдың бірдейлігі;  
ФС/ИК Капитал түріндегі инвестициялар

**ФС КЕСТЕСІ: ЖИЫНТЫҚ БАЛАНСТЫҚ ЕСЕП  
(N 1 Қосымша)**

Бұл кестеде активтер, міндеттемелер және капитал құрылымы бойынша банк мәліметтері көрсетіледі. Онда бар ақпараттарда осы есептің басқа кестелеріне енгізілген мәліметтер қорытындыланады.

Жиынтық баланстық есепке 1350 және 2150-топтар шотының филиалдары арасындағы есеп айырысу сомалары кірмейді. Бұл шоттардың активтер бойынша және пассивтер бойынша қалдықтары тең болуы керек.

Оған шет ел валютасы бойынша позицияларды көрсететін баланстық шоттар және олардың бақылау бағасы (1858 және 1859, 2858 және 2859 шоттар) кірмейді.

Кестенің "Барлығы" деген бағаны мынадай сәйкестікпен орындалуы тиіс:

Активтер = Міндеттемелер + Капитал

**ФС/ВС КЕСТЕСІ: БАЛАНСТАН ТЫС СТАТЬЯЛАР  
(N 2 Қосымша)**

ФС/ВС кестесінде шартты және болуы мүмкін банк талаптары мен міндеттемелері және олардың көлемі (фьючерстік, форвардтық және опциондық мәмілелер бойынша кепілдіктер, аккредитивтер, талаптар мен міндеттемелер, тағы басқа шартты және болуы мүмкін талаптар мен міндеттемелер) беріледі. Бұл ақпарат зор талаптар мен міндеттемелерді және банк баласында көрсетілмеген, бірақ болуы мүмкін тәуекелді қарастыруға мүмкіндік береді.

**ФС/СН КЕСТЕСІ: ДЕПОЗИТТЕР ҚАБЫЛДАУДЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРАТЫН  
БАСҚА БАНКТЕР МЕН ҰЙЫМДАРДАҒЫ  
ДЕПОЗИТТЕР. "НОСТРО" ШОТЫ (N 3 ҚОСЫМША)**

ФС/СН кестесінде банктің Ұлттық Банктегі және басқа банктер мен ұйымдардағы, оның ішінде шет елдердегі депозиттері туралы ақпараттар болады. Кестеде көрсетілген ақпараттар банк өтімдігін бағалау үшін басқа банктер мен ұйымдарға орналастырылған депозиттерге талдау жасауға мүмкіндік береді.

**ФС/ЦБ КЕСТЕСІ: БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР ПОРТФЕЛІ  
(N 4 ҚОСЫМША)**

ФС/ЦБ кестесінде банктің бағалы қағаздар портфелі туралы ақпараттар беріледі және олардың баланстық және рыноктық бағасы көрсетіледі. Бұл ақпарат бағалы қағаздар портфелінің/акцияларының инвестициялық пакеттерінің мынадай түрлерін тексеруге мүмкіндік береді:

1. Өтелгенге дейін ұсталған бағалы қағаздар;
2. Сатуға жарамды бағалы қағаздар;

### 3. Сатуға арналған бағалы қағаздар.

және бағалы қағаздардың әр түрі бойынша, сондай-ақ тұтастай алғанда бағалы қағаздар портфелі бойынша бағалау, жүргізеді. Осы таблицада "РЕПО" және "Кері РЕПО" келісімдері бойынша сатып алынған (сатылған) бағалы қағаздар бойынша есеп беріледі.

#### **ФС/КП КЕСТЕСІ: КРЕДИТ ПОРТФЕЛІНІҢ ТОЛЫҚ МӘЛІМЕТТЕРІ (N 5 ҚОСЫМША)**

ФС/КП кестесінде банктің кредит портфелі туралы ақпараттар болады. Бұл ақпараттар кредиттердің әрбір түрлері бойынша кредит портфелін бағалауға мүмкіндік береді. Банк банктер мен ұйымдарға, заңды және жеке тұлғаларға берілген кредиттерді жылжымайтын мүлікпен қамтамасыз еткені немесе қамтамасыз етпегені туралы мәліметтерді нақтылай отырып көрсетуі тиіс.

#### **ФС/ДА КЕСТЕСІ: НЕГІЗГІ ҚАРЖЫЛАР, БАСҚА АКТИВТЕР МЕН МІНДЕТТЕМЕЛЕР (N 6 ҚОСЫМША)**

ФС/ДА таблицасында бұдан бұрынғы кестеде егжей-тегжейлі көрсетілмеген негізгі қаржылар туралы ақпарат беріледі. Бұл ақпарат негізгі қаржылардың көлемі мен жинақталған амортизацияны қарауға, сондай-ақ басқа активтер мен міндеттемелер туралы мәліметтерді талдауға мүмкіндік береді.

#### **ФС/ДО (Т): ДЕПОЗИТТІК МІНДЕТТЕМЕЛЕР (N 7 ҚОСЫМША)**

Бұл кестеде теңге түріндегі банк депозиттерінің міндеттемелері бойынша ақпарат беріледі. Аталған кестеде тек теңге түріне ғана емес, теңге баламасындағы шет ел валютасымен де көрсету керек.

Депозиттік міндеттемелер: салымшылардың түрлеріне (заңды тұлғалар, мемлекеттік емес ұйымдар, мемлекеттік ұйымдар, банктер мен банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын басқа ұйымдар және мемлекеттік өкімет органдары), сондай-ақ депозит шотының түріне қарай топтарға бөлінген (талап ету, жинақтық және мерзімді).

#### **ФС/ДО (Д) КЕСТЕСІ: АҚШ ДОЛЛАРЫМЕН ДЕПОЗИТТІК МІНДЕТТЕМЕЛЕР (N 8 ҚОСЫМША)**

Бұл кестеде АҚШ долларымен банктің міндеттемелерінің депозиті бойынша ақпарат беріледі. Аталған кестеде барлық депозиттер теңге баламасын қоя отырып АҚШ долларымен көрсетілуі тиіс.

Салымшыларды топқа бөлу ФС/ДО(Т) кестесіндегі N 7 қосымшада көрсетілгендей түрде жүргізіледі.

#### **ФС/ДО (М) КЕСТЕСІ: НЕМІС МАРКАСЫМЕН ДЕПОЗИТТІК МІНДЕТТЕМЕЛЕР (N 9 ҚОСЫМША)**

Бұл кестеде неміс маркасымен банк міндеттемелерінің депозиттері бойынша ақпарат беріледі. Аталған кестеде барлық депозиттер теңге баламасын қоя

отырып неміс маркасымен көрсетілуі тиіс.

Салымшыларды топқа бөлу ФС/ДО (Т) кестесіндегі N 7 қосымшада көрсетілгендей түрде жүргізіледі.

### **ФС/ДО(Р): РЕСЕЙ РУБЛІМЕН ДЕПОЗИТТІК МІНДЕТТЕМЕЛЕР (N 10 ҚОСЫМША)**

Бұл кестеде ресей рублімен банк міндеттемелерінің депозиті бойынша ақпарат беріледі. Аталған кестеде барлық депозиттер теңге баламасын қоя отырып ресей рублімен көрсетілуі тиіс.

Салымшыларды топқа бөлу ФС/ДО(Т) кестесіндегі N 7 қосымшада көрсетілгендей түрде жүргізіледі.

### **ФС/ВП КЕСТЕСІ: ТАЗА ВАЛЮТА ПОЗИЦИЯСЫ (N 11 ҚОСЫМША)**

ФС/ВП кестесі банктің валюта позициясы туралы ақпараттардан тұрады. Бұл таблицада банктің шет ел валютасы түріндегі барлық активтер мен міндеттемелері арасындағы айырмашылықтар көрсетіледі. Кестеде сатып алынған (сатылған) валюта позициясы ескерілмейді.

### **ФС/АВ КЕСТЕСІ: ШЕТ ЕЛ ВАЛЮТАСЫМЕН АКТИВТЕР (N 12 ҚОСЫМША)**

ФС/АВ кестесі шет ел валютасы түріндегі банк активтерінің позициясы туралы ақпараттардан тұрады. Бұл кестеде зайымшылардың түрлері бойынша ( ішкі қаржы секторы, резиденттер - заңды тұлғалар, резиденттер - жеке тұлғалар, резидент еместер), актив түрлері бойынша (депозит және несие активтері, өзге де активтер), сондай-ақ баланстан тыс статьяларда ескерілетін шет ел валютасы түріндегі активтер бойынша ақпараттар көрсетіледі.

### **ФС/ОВ КЕСТЕСІ: ШЕТ ЕЛ ВАЛЮТАСЫМЕН МІНДЕТТЕМЕЛЕР (N 13 ҚОСЫМША )**

ФС/ОВ кестесінде шет ел валютасы түріндегі банк міндеттемелерінің позициясы туралы ақпараттар беріледі. Бұл ақпараттар шет ел валютасы бағамының өзгеруі салдарынан банктің міндеттемелер позициясының ауытқуға бейімділігін талдауға мүмкіндік береді. Кесте ФС/АВ "Шет ел валютасымен активтер" кестесіне ұқсас толтырылады.

### **ФС/АК КЕСТЕСІ: КАПИТАЛДЫҢ БІРДЕЙЛІГІ (N 14 ҚОСЫМША)**

ФС/АК кестесінде банктің өз капиталы, баланс активтері көрсетіледі және баланстан тыс статьялары тәуекел топтары бойынша бөлінеді. Бұл кесте банктің өз капиталының екі деңгейін және тәуекелді ескере отырып алынған активтер сомасын, активтердің жалпы сомасындағы осы активтердің үлесін анықтауға, сондай-ақ капиталдың бірдейлігін бағалауға мүмкіндік береді.

Бұл кесте Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 23.05.97 ж.

№ 219 қаулысымен бекітілген Пруденциалдық нормативтер туралы ережесіне сәйкес жасалды. Сондай-ақ барлық статьялар бойынша есеп айырысулар осы ережені сақтай отырып жүргізіледі.

### **ФС/ИК КЕСТЕСІ: КАПИТАЛ ТҮРІНДЕГІ ИНВЕСТИЦИЯЛАР (№ 15 ҚОСЫМША)**

Бұл кестеде банктің еншілес, тәуелді және өзге де аффилиирленген компаниясына инвестициясының мөлшері көрсетіледі. Осы кестедегі бөлікке бөлу сондай-ақ компания қызметінің сипатына қарай өткізіледі, оның капиталына банк те қатысуы мүмкін.

2.2. "Пайда мен шығын және шығынға құрылған резервтер" бөліміне осы Ережеге қоса беріліп отырған мынадай 3 нысан (кесте) кіреді:

ПУ	Шығын мен пайда туралы есеп
ФС/С	Қаражаттарды шығынға жазу және аудару кестесі
ФС/ИР	Резервтердегі өзгерістер таблицасы.

### **ПУ КЕСТЕСІ: ШЫҒЫН МЕН ПАЙДА ТУРАЛЫ ЕСЕП (№ 16 ҚОСЫМША)**

Бұл кестеде кіріс пен шығыстардың (сыйақы (мүдде) төлеуге және алуға байланысты немесе байланысты емес) барлық статьялары көрсетіледі. Бұл ақпарат банк басшылығына және Ұлттық Банкке пайданы қалыптастырудың сан алуан көздеріне талдау жасау көмегімен банктің тиімділігін анықтауға мүмкіндік береді.

### **ФС/С КЕСТЕСІ: ҚАРАЖАТТАРДЫ ШЫҒЫНҒА ЖАЗУ ЖӘНЕ АУДАРУ (№ 17 ҚОСЫМША)**

ФС/С кестесінде банктің белгіленген мерзімде өтелмеген және "Шығынға жазылған қарыздар" № 7130 баланстан тыс шотына шығынға жазылған жіктелген активтердің шығындары туралы ақпараттар болады. Бұл кестеге сондай-ақ жалпы резервтен арнайы резервке және керісінше тәртіппен аударылған қалыптастырылған провизиялар көлемі туралы мәліметтер кіреді. Бұл ақпараттар банкке банк пен клиент арасындағы келісімде айтылған мерзімде өтелмеген активтер көлемін талдауға мүмкіндік береді.

### **ФС/ИР КЕСТЕСІ: РЕЗЕРВТЕГІ ӨЗГЕРІСТЕР ТАБЛИЦАСЫ (№ 18 ҚОСЫМША)**

ФС/ИР кестесінде банктің жалпы және арнайы резервтерінің өзгерістері туралы ақпараттар болады. Бұған ағымдағы есепті кезең ішіндегі барлық түсімдер және резерв шоттарынан ақша аудару, оған қоса арнайы резерв санатына жататын резервтерден жалпы резервке және керісінше - жалпы резервтен арнайы резервке аударымдар кіреді. Бұдан басқа, кестеде "Шығынға жазылған қарыздар" № 7130 баланстан тыс шотының жай-күйі туралы, атап айтқанда осы шоттағы қаражатты шығынға жазу және орнын толтыру бойынша

а қ п а р а т т а р б е р і л е д і .

2.3. "Сыйақы (мүдде) ставкасын белгілеу және қайта белгілеу" бөліміне осы Ережеге қоса беріліп отырған мынадай 5 нысан (кесте) кіреді:

ФС/ПП Төлем мерзімі және сыйақы (мүдде) ставкасын қайта  
б е л г і л е у ;

ФС/КЦ(Т) Кредит беру және сыйақы (мүдде) ставкасын  
б е л г і л е у ;

ФС/КЦ(И) Кредит беру және шет ел валютасымен сыйақы (мүдде)  
с т а в к а с ы н б е л г і л е у ;

ФС/ДЦ(Т) Депозиттер көлемі және сыйақы (мүдде) ставкасын  
б е л г і л е у ;

ФС/ДЦ(И) Шет ел валютасымен депозиттер көлемі және шет ел  
в а л ю т а с ы м е н с ы й а қ ы ( м ү д д е ) с т а в к а с ы н б е л г і л е у .

**ФС/ПП КЕСТЕСІ: ТӨЛЕМ МЕРЗІМІ ЖӘНЕ СЫЙАҚЫ (МҮДДЕ)  
СТАВКАСЫН ҚАЙТА БЕЛГІЛЕУ  
(N 19 ҚОСЫМША)**

ФС/ПП кестесінде банктің әр түрлі мерзімде өтейтін қаржы активтері мен міндеттемелерінің ақпараты болады. Бұл мәліметтер банктің өтімділік жағдайын белгілі бір кезең ішінде өтеу мерзімі басталатын міндеттемелер сомасын дәл сол уақытта өтеу мерзімі басталатын активтер сомасымен салыстыру арқылы талдауға мүмкіндік береді. Бұл ақпарат сондай-ақ сыйақы (мүдде) ставкасына қатысты тәуекелдің бар-жоғын анықтауға мүмкіндік береді. Осы кестеде барлық активтер мен міндеттемелер оларды өтеуге дейінгі мерзімге сәйкес көрсетілуі керек.

**ФС/КЦ(Т) КЕСТЕСІ: КРЕДИТТЕР БЕРУ ЖӘНЕ СЫЙАҚЫ (МҮДДЕ)  
СТАВКАСЫН ҚАЙТА БЕЛГІЛЕУ  
(N 20 ҚОСЫМША)**

Бұл кестеде есепті жыл ішінде берілген кредиттер көлемі көрсетілуі және сыйақы (мүдде) ставкасын белгілеу туралы мәліметтер жазылуы тиіс. Кестеде валюта түріне қарамастан банктің барлық кредит портфелі көрсетіледі. Бұл таблица жоспарланатын кредиттердің түріне және санаттары мен өтеу мерзімі бойынша кредиттердің көлеміне талдау жүргізуге мүмкіндік береді.

**ФС/КЦ(И) КЕСТЕСІ: КРЕДИТТЕР БЕРУ ЖӘНЕ ШЕТ ЕЛ ВАЛЮТАСЫМЕН  
СЫЙАҚЫ (МҮДДЕ) СТАВКАСЫН БЕЛГІЛЕУ  
(N 21 ҚОСЫМША)**

Кестеде есепті жыл ішінде берілген кредиттер көлемі көрсетілуі және сыйақы (мүдде) ставкасын белгілеу туралы мәліметтер жазылуы тиіс. Аталған кестеде шет ел валютасымен берілген банктің барлық кредиттерінің теңгедегі баламасы көрсетіледі.

**ФС/ДЦ(Т) КЕСТЕСІ: ДЕПОЗИТТЕР КӨЛЕМІ ЖӘНЕ СЫЙАҚЫ (МҮДДЕ)  
СТАВКАСЫН БЕЛГІЛЕУ  
(N 22 ҚОСЫМША)**

ФС/ДЦ(Т) кестесі қабылданған депозиттер көлемі туралы ақпараттардан тұрады. Бұл кестеде валюта түріне қарамастан, есепті жыл ішінде қабылданған барлық депозиттер көрсетіледі. Бұл мәліметтер банк депозиттерінің түрлері мен көлеміне талдау жасауға мүмкіндік береді.

**ФС/ДЦ(И) КЕСТЕСІ: ДЕПОЗИТТЕР КӨЛЕМІ ЖӘНЕ ШЕТ ЕЛ  
ВАЛЮТАСЫМЕН СЫЙАҚЫ (МҮДДЕ) СТАВКАСЫН БЕЛГІЛЕУ  
(N 23 ҚОСЫМША)**

ФС/ДЦ(И) кестесі шет ел валютасымен қабылданған депозиттер көлемі туралы ақпараттан тұрады. Бұл таблицада есепті жыл ішінде қабылданған барлық шет ел валютасымен депозиттердің теңгедегі баламасы көрсетіледі. Бұл мәліметтер банк депозиттерінің түрлері мен көлеміне талдау жасауға мүмкіндік б е р е д і .

2.4. "Проблемалы активтер" бөліміне осы Ережеге қоса берілген мынадай б ны с а н ( к е с т е ) кі р е д і :

ФС/ПА(Т)	Мерзімі өткен активтер;
ФС/ПА(И)	Шет ел валютасымен мерзімі өткен активтер;
ФС/БА(Т)	Оқшауланған активтер;
ФС/БА(И)	Шет ел валютасымен оқшауланған активтер;
ФС/КА(Т)	Жіктелген активтер;
ФС/КА(И)	Шет ел валютасымен жіктелген активтер.

**ФС/ПА(Т) КЕСТЕСІ: МЕРЗІМІ ӨТКЕН АКТИВТЕР  
(N 24 ҚОСЫМША)**

Бұл кестеде сыйақы (мүдде) есептеу жүргізіліп жатқан мерзімі өткен активтер туралы ақпарат болуы керек.

Кестеде баланстың есебінде бар мерзімі өткен активтердің барлық көлемі көрсетілуі тиіс.

**ФС/ПА(И) КЕСТЕСІ: ШЕТ ЕЛ ВАЛЮТАСЫМЕН МЕРЗІМІ ӨТКЕН  
АКТИВТЕР  
(N 25 ҚОСЫМША)**

Бұл кестеде сыйақы (мүдде) есептеу жүргізіліп жатқан шет ел валютасымен мерзімі өткен активтер туралы ақпарат болады.

**ФС/БА(Т) КЕСТЕСІ: ОҚШАУЛАНҒАН АКТИВТЕР  
(N 26 ҚОСЫМША)**

кестеде валюта түріне қарамастан банктің оқшауланған активтерінің (сыйақы (мүдде) есептеу тоқтатылған активтер) барлық көлемі көрсетілуі тиіс.



Кесте N 24 Қосымшада келтірілген ФС/ПА(Т) кестесіне ұқсас түрде толтырылады.

**ФС/БА(И) КЕСТЕСІ: ШЕТ ЕЛ ВАЛЮТАСЫМЕН ОҚШАУЛАНҒАН  
А К Т И В Т Е Р  
(N 27 ҚОСЫМША)**

Бұл кестеде шет ел валютасымен банктің оқшауланған активтерінің (сыйақы ( мүдде) есептеу тоқтатылған активтер) барлық көлемі көрсетілуі тиіс.

Кесте N 25 Қосымшада келтірілген ФС/ПА(И) кестесіне ұқсас түрде толтырылады.

**ФС/КА(Т) КЕСТЕСІ: ЖІКТЕЛГЕН АКТИВТЕР  
(N 28 ҚОСЫМША)**

ФС/КА(Т) кестесінде банктің жіктелген активтері туралы ақпарат болады. Бұл ақпарат кредит портфелінің, депозиттердің жай-күйін, сондай-ақ осы активтердің қайтарылу тәуекелін бағалау үшін дебиторлық қарызды талдауға мүмкіндік береді. Мұндай бағалау көп жағдайда банк өтімділігін қамтамасыз етуге және оның акционерлері мен клиенттерінің мүддесін қорғауға ықпал етеді. Бұл кестеде банктің жіктелген активтерінің жай-күйінің сапасы туралы ақпарат болуы тиіс.

**ФС/КА(И) КЕСТЕСІ: ШЕТ ЕЛ ВАЛЮТАСЫМЕН ЖІКТЕЛГЕН  
А К Т И В Т Е Р  
(N 29 ҚОСЫМША)**

ФС/КА(И) кестесінде банктің шет ел валютасымен жіктелген активтері туралы ақпарат болады. Бұл ақпарат кредит портфелінің, депозиттердің жай-күйін, сондай-ақ осы активтердің қайтарылу тәуекелін бағалау үшін дебиторлық қарызды талдауға мүмкіндік береді.

2.5. "Қосымша ақпарат" бөліміне осы Ережеге қоса берілген мынадай 6 нысан ( к е с т е ) к і р е д і :

ФС/ОП	Қаражаттың негізгі тұтынушылары;
ФС/ОИ	Тартылған қаражаттардың негізгі көздері;
ФС/КК	Аффилиирленген топтарға немесе компанияларға кредиттер мен инвестициялар беру;
ФС/КО	Негізгі акционерлерге кредиттер беру және негізгі акционерлер капиталына инвестициялар беру;
ФС/КУ	Банк саясатына ықпал ететін басшылық құрамына кредиттер мен инвестициялар беру;

ФС/КС Салалар бойынша шоғырландыру.

**ФС/ОП КЕСТЕСІ: ҚАРАЖАТТЫҢ НЕГІЗГІ ТҰТЫНУШЫЛАРЫ  
(N 30 ҚОСЫМША)**

ФС/ОП кестесінде банктің зайым қаражатының ірі пайдаланушылары (баланстық және баланстан тыс міндеттемелер бойынша) туралы ақпарат келтіріледі. Мұндай ауқымдағы мәліметтер осы банктің ірі клиенттерімен байланысты шығын көлемін және тәуекелді талдауға мүмкіндік береді.

**ФС/ОИ КЕСТЕСІ: ТАРАТЫЛҒАН ҚАРАЖАТТЫҢ НЕГІЗГІ КӨЗДЕРІ  
(N 31 ҚОСЫМША)**

ФС/ОИ кестесінде банктің таратылған қаражатының (міндеттемелерінің) негізгі көздері туралы ақпарат болады. Бұл мәліметтер осы банктің ірі депозиторлары мен кредиторларына байланысты депозиттердің көлемін және тәуекелді талдауға мүмкіндік береді.

**ФС/КК КЕСТЕСІ: АФФИЛИИРЛЕНГЕН ТОПТАРҒА НЕМЕСЕ  
КОМПАНИЯЛАРҒА  
КРЕДИТТЕР МЕН ИНВЕСТИЦИЯЛАР БЕРУ  
(N 32 ҚОСЫМША)**

ФС/КК кестесінде банктің аффилиирленген топтарына немесе компанияларына кредиттер мен инвестициялар туралы ақпарат болады. Бұл аффилиирленген зайымшыларға кредит берумен байланысты шығын көлеміне және тәуекеліне талдау жасауға мүмкіндік береді.

**ФС/КО КЕСТЕСІ: НЕГІЗГІ АКЦИОНЕРЛЕРГЕ КРЕДИТ БЕРУ ЖӘНЕ  
НЕГІЗГІ АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ КАПИТАЛЫНА ИНВЕСТИЦИЯ САЛУ  
(N 33 ҚОСЫМША)**

ФС/КО кестесі ірі акционерлерге кредит беру және олардың капиталына инвестиция салу туралы ақпарат болады. Осы мәліметтердің негізінде ірі акционерлерге кредит беруге байланысты шығын көлеміне және тәуекеліне талдау жасалады.

**ФС/КУ КЕСТЕСІ: БАНК САЯСАТЫНА ЫҚПАЛ ЕТЕТІН БАСШЫЛЫҚ  
ҚҰРАМЫНА КРЕДИТ ЖӘНЕ ИНВЕСТИЦИЯ БЕРУ  
(N 34 ҚОСЫМША)**

ФС/КУ кестесінде банктің басшы қызметкерлеріне кредит және инвестиция беру туралы ақпарат болады. Бұл кесте банктің басшы қызметкерлеріне кредит беруге байланысты кредит көлемі мен тәуекеліне талдау жасауға мүмкіндік береді.

**ФС/КС КЕСТЕСІ: САЛАЛАР БОЙЫНША ШОҒЫРЛАНДЫРУ  
(N 35 ҚОСЫМША)**

ФС/КС кестесінде кредиттер мен ақша қаражаттарын шоғырландыру туралы ақпарат болады. Бұл кестеде банк қаражатының негізгі көздері және оның халық шаруашылығының салалары бойынша орналасуы көрсетілуі тиіс. Кестеде актив пен міндеттемелер түрлеріне қарай, сондай-ақ ұлттық және шет ел валютасы бойынша бөлінеді. Бұл ақпарат қаражат көздерінің көлеміне және олардың халық

шаруашылығында пайдаланылуына талдау жасауға мүмкіндік береді.

3. Есеп мәліметтерді жинау және пайдалану арқылы ақпарларды шоғырландыру ережесі бойынша, мұнымен қоса банк филиалдары берген осы мәліметтерді бұдан әріде банктің баланстық есебінде және оның пайдасы мен шығыны туралы есебінде көрсетіле отырып жасалады.

4. Есепте филиалы жоқ банктер бойынша мәліметтерді шоғырландыру есептегі тиісті бөлімге сәйкес жол-жол бойынша жүргізіледі.

5. Есепке өзге мәліметтерден басқа, банктің қоғамдастырылған қаржы ұйымдарының жарғы капиталына қатысуы туралы ақпарлар енгізілуі тиіс.

6. Есеп және оған қоса берілетін құжаттар қолданылып жүрген заңдарда белгіленген тәртіппен жасалуы және қол қойылуы керек.

7. Есепті барлық мәліметтер мың теңге деп көрсетіледі. Есептегі 500-ден аз сан нөлге, 500 және одан көп сан - мыңға теңестіріледі.

8. Есептегі арнайы ескертілген позицияларды (жолдарды) қоспағанда, есепте теріс мағыналарды келтіруге жол берілмейді. Жиынтық баланс есебінің мынадай статьяларында теріс көлем болуы мүмкін:

- "ағымдағы жылға таза табыс (шығын)";
- "сатуға арналған бағалы қағаздар бойынша таза жұмсалмаған табыс (шығын)";
- "капиталды өзге де оңалтулар"

9. Теріс мағынаны сондай-ақ "ысырап" немесе "шығын" деген ұғымдар бар пайда және шығын туралы есептің статьяларында көрсетуге болады.

10. Есептің кестесін толтыру тәртібі есеп жасау бойынша түсініктемелерде (N 36 қосымша) келтірілген.

11. Аудитордың есепті бекітуі қажет емес.

## **II. Есепті беру мерзімі және тәртібі**

12. Банк Ұлттық Банкке айдың 15 бастап келесі әрбір есеп беріліп отырған тоқсан аяқталғаннан кейінгі айдың 15-не дейінгі кезеңде есеп береді. Ерекше жағдайларда Ұлттық Банктің арнайы рұқсатымен жекелеген банктердің есеп беру мерзімі тағы да 15 күнтізбелік күнге ұзартылуы мүмкін.

13. Есепке тиісті уәкілетті адамдар - Басқарма төрағасы, бас бухгалтер (банктің есепті дайындауға жауапты қызметкерінің аты-жөнін және лауазымын көрсете отырып) қол қояды. Есепке қол қойған басшылар оның дұрыстығы мен толықтығына заңда белгіленгендей жауапкершілікте болады.

14. Есеп компьютер техникасы арқылы басылуы тиіс. Басқа түрде берілген не түзетілген есеп тексерілмей-ақ қайтарылуы тиіс және Ұлттық Банк қабылдаған жоқ деп есептеледі.

15. Алматы қаласынан тыс жерлерде орналасқан банктер есепті Ұлттық Банктің Банктік қадағалау департаменті (бұдан әрі - Банктік қадағалау

департаменті) белгілеген қосымша ақпаратты ескере отырып жасаған электронды құжат түрінде, Ұлттық Банктің тиісті облыстық басқармалары арқылы Х-400 "alm statistika" шақыру белгісімен электронды почта бойынша береді.

Банк сонымен бір уақытта Ұлттық Банкке (Банктік қадағалау департаментіне) оның тиісті облыстық басқармасы арқылы фельдъегерлік почта арқылы қағазға түсірілген есепті жібереді.

Ұлттық Банктің облыстық басқармасы есептің (қағазға және электронды жазбаға түсірілген) дер кезінде жіберілуіне бақылау жасап отыруы тиіс. Есеп беруге байланысты қосымша ақпараттарды Ұлттық Банк банктерге уақытылы х а б а р л а п о т ы р а д ы .

16. Алматы қаласында орналасқан банктер электронды құжат түрінде есеп берген кезде қағазға түсірілген осы құжатты Банктік қадағалау департаментіне қ о л м а - қ о л т а п с ы р а д ы .

17. Электронды құжат түрінде берілген есеп келіп түскен кезде Банктік қадағалау департаменті бір тәуліктің ішінде бұл ақпаратты өңдеу және алдын ала тексеру үшін Ұлттық Банктің Есептеу жұмыстары департаментіне жібереді. Сондай-ақ Есептеу жұмыстары департаменті бір тәуліктің ішінде есептемелерді алдын ала тексеру кезінде анықталған қателіктер туралы құжатты (қажет болған жағдайда) Банктік қадағалау департаментіне (банктік жетекшісіне) жібереді.

18. Банктік қадағалау департаменті (банктік жетекшісі) Есептеу жұмыстары департаменті анықталған қателіктер туралы қағаз жазба түрінде келіп түскен құжаттарды қарай келе, тексеру нәтижесі бойынша есеп жөнінде рекламация жобасын дайындайды. Банктік қадағалау департаменті Есептеу жұмыстары департаментінен табылған қателіктер туралы құжатты алған сәттен бастап үш күн ішінде Банктік қадағалау департаменті директорының қолы қойылған есеп рекламациясымен қоса техникалық тәсілмен ашылған қателіктер туралы құжаттың көшірмесі (бар болса) банкке жіберіледі.

19. Банк рекламацияны алған соң үш күн ішінде есепке тиісті түзетулер енгізіп, оны белгіленген мерзімде Ұлттық Банкке беруі тиіс.

### **III. Қорытынды ережелер**

20. Банктің қаржы жағдайын айтарлықтай бұрмалап көрсететін және техникалық сипаттағы жетіспеушілік болып табылмайтын маңызды қателіктерді табу банкке белгіленген тәртіппен тиісті ықпал ету шараларын (онымен қоса санкциялар) қолдануға әкеп соғады.

21. Осы Ережемен реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен шешіледі.

*Төраға*

*РҚАО-ның ескертуі: Қосымшалардың ресми аудармасы болмағандықтан орысша мәтінді қараңыз.*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК